



Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының
Демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ
19 қыркүйек 2004 жыл

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕ
МИССИЯСЫНЫҢ ЕСЕПТЕМЕСІ

21-24 маусым 2004 жыл



Варшава
28 маусым 2004 жыл

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ	1
II. СИПАТТАМА	1
III. АНЫҚТАЛҒАН ФАКТІЛЕР	3
A. САЯСИ КОНТЕКСТ	3
B. АЛДЫНДАҒЫ САЙЛАУДА БАЙҚАУ ЖӘНЕ КЕЛЕСІДЕГІ ҚАДАМДАР	4
B. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА	5
Г. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ	7
Д. БАҚ	8
E. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ БАЙҚАУШЫЛАР	9
IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАМАЛАР	9
1-ҚОСЫМША	10
2-ҚОСЫМША	11
3-ҚОСЫМША	12
4-ҚОСЫМША	13

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ

19 қыркүйек 2004 жыл

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Мұқтаждықтарды бағалау жөнінде миссиясының Есептемесі

I. КІРІСПЕ

2004 жылғы 21 маусымнан 24 маусымға дейін Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде ұйымның Демократиялық институттар мен адам құқықтары бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) Қазақстан Республикасында Мұқтаждықтарды бағалау бойынша миссия (МБМ) жүргізді. Миссияның құрамына ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлау жөнінде секция Басшысының Орынбасары Николай Вулчанов және ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ Қазақстандағы сайлауды бақылау жөнінде миссияның Басшысы болып тағайындалған Елші Роберт Л. Бэрри кірді.

МБМ мақсаты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес 2004 жылғы 19 қыркүйекке тағайындалған парламенттік сайлауға дайындықтың жағдайларын және деңгейін бағалауды жүргізу және Сайлауды бақылау жөнінде миссия құру бойынша ұсыныстамалар беру болып табылды.

МБМ барысында Алматыда және Астанада мемлекеттік органдардың, сайлау ұйымдарының, саяси партиялардың, азаматтық қоғам мен халықаралық қоғамдастық өкілдерімен кездесулер өткізілді (1-қосымшаны қараңыз).

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ ҚР Сыртқы істер Министріне және ЕҚЫҰ Алматығы Орталығына (АО) көрсеткен көмегі мен ынтымақтастығы үшін алғысын білдіреді.

II. СИПАТТАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңды (сайлау туралы заңды) Мәжіліс 16 наурызда 2004 жылы қабылдады, Конституциялық кеңес 9 көкекте бекітті және Президент Назарбаев 15 көкекте қол қойды. Аталған өзгертулер ЕҚЫҰ қамқорлығымен Қазақстанның басшылығымен бірлестікте өткізілген Дөңгелек үстел Процесінің (Round Table Process) шеңберінде 2000 жылы басталған ұзақ сұхбаттың арқасында мүмкін болды. Президент Назарбаевтың 15 маусымдағы жарлығымен Мәжіліске парламенттік сайлау 2004 жылғы 19 қыркүйекке тағайындалды.

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ енгізілген бірқатар өзгерістер айтарлықтай прогрестің куәсі болып табылғанымен, сайлау туралы заңды ЕҚЫҰ демократиялық сайлауға қатысты Міндеттемелеріне сәйкестікке келтіру үшін одан әрі де жақсартулар жүргізу керек екенін мойындайды. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ алдыңғы құжаттарының құрамындағы жекелеген ұсыныстамалар өзгертілген сайлау туралы заңның түпкілікті нұсқасында ескерілді.

Сайлау туралы заңға ең соңғы өзгертулерге электронды дауыс беру және дауыстар санау жүйесін құру мүмкіндігі енгізілді. Осындай жүйелер бүкіл әлемде құқықтық, операциялық және техникалық қиыншылықтар туғызады және сайлауға мүдделі тараптардың сеніміне ие

болу үшін ЕҚЫҰ басқа қатысушы елдерде жүргізілгендей, біртіндеп енгізілуге тиіс. МБМ қыркүйектегі сайлауда электронды дауыс беру жүйесін ірі көлемде енгізу мазасыздық туғызатын фактор болып табылатынын тікелей атап көрсетті.

Бүгінде Қазақстанда 12 партия тіркелді, бұл 2003 жылы өткен жергілікті билік органдарына сайлауда тіркелгенмен салыстырғанда бес партияға артық. Билеуші «Отан» партиясының жетекшісі Президент Нұрсұлтан Назарбаев институттардың арасындағы күштердің арақатынасын, соның ішінде екі палатаның да өкілдер санын ұлғайтудың есебінен өзгертуге ниетін білдірді. Партия тізімдері бойынша өкілдер санының 19 қыркүйектегі сайлауға дейін ұлғаю мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Президент сондай-ақ тұрақсыздандыруға талпыныстардың елдің мемлекеттігі мен тәуелсіздігіне қатер төндіру ретінде қарастырылатынын ескертті. Екі пропрезиденттік партия блок құрды және 19 қыркүйектегі сайлауды біртұтас кандидаттар тізімімен бой көрсетеді. Жаңадан тіркелген «Асар» партиясының жетекшісі Дариға Назарбаева болып табылады.

Өздерін оппозицияға жатқызатын үш партия қанатын жайып келе жатқан сайлау процесінің барлық сатыларында елеулі бұзушылықтар болады деп болжайды. Екі оппозициялық партия электронды дауыс беру жүйесі ірі көлемде енгізілген жағдайда сайлауға бойкот жариялаймыз деп қорқытып отыр. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (ҚДТ) партиясының жетекшісі саяси астармен жеті жылға сотталды.

МБМ тек БАҚ өкілдерінің шағын тобымен ғана кездесу өткізді, олар сөз бостандығы мен ойын білдіру бостандығын шектеу қатерін туғызып отырған қалыптасқан жағдайға өздерінің мазасыздануын ортаға салды. Шығып сөйлеген адамдардың сөздеріне қарағанда, билеуші «Отан» партиясы мен «Асар» партиясы хабар тарату құралдарын толығымен бақылап отыр. енгізілген өзгертулер бар сайлау туралы заң талқыланған кезде Орталық сайлау комиссиясының төрағасы бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау алдындағы нақанды шолу барысында партияларға және кандидаттарға адал және объективті көзқарасты қамтамасыз етуге міндетті екенін мойындады.

Бұрынғы байқаудың негізінде ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ Қазақстандағы сайлау нақаны ЕҚЫҰ демократиялық сайлауға қатысты Міндеттемелеріне сәйкес емес деген қорытындыға келді.

МБМ Қазақстандағы болашақ парламенттік сайлау барысын бақылайтын Сайлауды бақылау жөнінде миссия (СБМ) құруды ұсынады. СБМ сайлау процесінің қолданыстағы ұлттық заңнаманың нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қосылған, ЕҚЫҰ 1990 жылғы Копенгаген құжатының ережелеріне сәйкес ЕҚЫҰ демократиялық сайлауға қатысты Міндеттемелеріне сәйкестігінің мониторингін жүргізетін болады.

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ тамыздан бастап бүкіл елдегі сайлау барысын байқау үшін СБМ ұзақ мерзімге 40 байқаушы және дауыс беруді, барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында дауыстар санауды және қорытынды шығаруды қоса, сайлау күнінде сайлау рәсімінің сақталу мониторингін жүргізу үшін қысқа мерзімге 400 байқаушы беру туралы үлкен өтінішпен жолданады. Екінші дауыс беру турында байқау қажеттілігі туралы шешім екінші турды өткізу мерзімдерін айқындағаннан кейін қабылданады.

III. АНЫҚТАЛҒАН ФАКТІЛЕР

A. САЯСИ КОНТЕКСТ

1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданған Конституцияға сәйкес Қазақстан президенттік республика болып табылады. Президент бүкілхалықтық дауыс беру арқылы жеті жылдық мерзімге сайланады. Парламент екі палатадан тұрады. Төменгі палата, Мәжіліс, бүкілхалықтық дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланатын 77 өкілден тұрады; 67 депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінуін есепке ала отырып, түзілетін және сайлаушыларының саны шамамен бірдей бір мандатты сайлау округтары бойынша сайланады. Он депутат пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша партия тізімдерінің негізінде сайланады. Жоғарғы палата, Сенат, әр облыстан, Алматы және Астана қалаларынан екі адамнан сайланатын 39 депутаттан тұрады және Сенаттың 7 депутатын Сенаттың өкілеттіктер мерзіміне Республика Президенті тағайындайды.

Қазақстанда 12 тіркелген партия әрекет етеді, бұл 2003 жылы өткен жергілікті билік органдарына сайлау уақытында алынған деректермен салыстырғанда бес партияға артық, 2-қосымшаны қараңыз. Осы позитивті өзгерісті атай отырып, саяси партиялардың бірқатарының атауларының үндестігі сайлау күні сайлаушылардың негізді шешім қабылдауын қиындатуы мүмкін екенін айта кету керек.

Қазіргі Президент, билеуші «Отан» партиясының жетекшісі Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылғы Конституцияға өзгертулер енгізілген кейін билік басында бірінші мерзімін өткеруде. Пропрезиденттік Азаматтық партия және Аграрлық партия 19 қыркүйектегі сайлауды бірлескен кандидаттарын ұсынып және біртұтас кандидаттар тізімін дайындап, біртұтас блок болып шығуға шешім қабылдады. Жаңадан тіркелген «Асар» партиясын Дариға Назарбаева бастады.

Үш тіркелген кандидат өздерін оппозицияға жатқызады, олар: «Ақжол», «Қазақстанның демократиялық тандауы» (ҚДТ) және Қазақстанның Коммунистік партиясы. Олардың үшеуі де партия құлаш жайып келе жатқа сайлау процесінің барлық сатыларында елеулі бұзушылықтар мен бұрмалау болады деп болжайды. «Ақжол» және «ҚДТ» партиялары электронды дауыс беру жүйесі ірі көлемде енгізілген жағдайда сайлауға бойкот жариялаймыз деп қорқытып отыр. «ҚДТ» партиясының жетекшісі мемлекеттік қаражатты талан-таражға салғаны үшін жеті жылға сотталды. «ҚДТ» партиясының өкілдері сот шешімінің саяси астары бар екеніне сенімді және бұл «ҚДТ» партиясының сайлауға қатыспау мүмкіндігін қарастырып отыру себептерінің бірі болып табылады. МБМ сөз бостандығын шектеумен қатар, сайлауға бойкот жариялау демократияны әлсіретуге әкеліп соғуы мүмкін екенін атап көрсетті.

Өзінің 15 маусымдағы Жарлығымен Президент Назарбаев төменгі палатаға (Мәжіліске) парламенттік сайлауды 2004 жылғы 19 қыркүйекте өткізуге ұйғарды. Тап сол күні, «Отан» партиясының VII съезінде сөйлегенде, Президент Парламенттің рөлін күшейту ниеті туралы мәлімдеді. Бұл екі палатаның да өкілеттіктерін кеңейту, өкілдер санын ұлғайту және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) құрамына партиялардың өкілдерін енгізуге мүмкіндік беретін комиссия мүшелерін тағайындау реформасын өткізу деген сөз. Осындай маңызды өзгертулер жүргізу мерзімдері туралы қосымша жарияланатынына қарамастан, кездесулерге қатысушылар 19 қыркүйектегі сайлауға дейін партия тізімдері бойынша өкілдер санының ұлғаю мүмкіндігін жоққа шығармайды. Президент сондай-ақ тұрақсыздандыруға

талпыныстардың елдің мемлекеттігі мен тәуелсіздігіне қатер төндіру ретінде қарастырылатынын мәлімдеді.

Б. АЛДЫНДАҒЫ САЙЛАУДА БАЙҚАУ ЖӘНЕ КЕЛЕСІДЕГІ ҚАДАМДАР

Билік орындарының шақыруы бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ тиісінше 1999 жылғы қаңтар және қазан айларында өткізілген Қазақстан Республикасындағы соңғы президенттік және парламенттік сайлаудың барысын байқауға қатысты.

Президенттік сайлаудың мұқтаждықтарын бағалау Миссиясын өткізгеннен кейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау процесін анағұрлым кейін мерзімдерге ауыстырмай, оның поставили под сомнение возможность обеспечения объективтілігін қамтамасыз ету мүмкіндігіне күмәнданып, қалыптасқан жағдайда сайлау барысын байқау жөнінде миссияны стандартты сұлба бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік болмайды деген қорытындыға келді. Оның орнына процестің барысын байқау және есептеме жасау үшін қысқа мерзімді байқаушылар кірмеген шектеулі бағалаушы миссия жолданды. Миссия өткен сайлаудың Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттердің қатарына кірген кезде сақтауды міндетіне алған нормаларға айтарлықтай сәйкессіздігін анықтады. Заңнамалық база, сайлау комиссияларының құрамы, кандидаттардың құқықтарын бұзу, бірлестіктер бостандығы мен жиналыстар бостандығына кедергі келтіру, науқан уақытындағы көңіл-күй, бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу мүмкіндігі, сондай-ақ дауыс беру рәсімдері мазасыздық туғызады.

Президенттік сайлау өткізгеннен кейін билік орындары жасаған тізілген мәселелерді шешуге талпыныстардан соң, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сол 1999 жылы болып өткен парламенттік сайлау өткізуге СБМ жолдады. СБМ демократияға қарай едәуір қадам жасалғанына және алдыңғы сайлаумен салыстырғанда жүргізілген арттырушылықтарға қарамастан, Қазақстандағы сайлау бұрынғысынша ЕҚЫҰ міндеттемелеріне жауап бермейтіні туралы қорытынды жасады.

2000 жылғы ақпан айында Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мырзаның және сол кезде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Директорының лауазымында болған Елші Герард Штудманның арасында болған кездесуде қолданыстағы сайлау туралы заңнамаға қатысты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстамаларын орындауға арналған механизм құру қажеттілігі туралы келісім берілді. Жауап шара ретінде, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ЕҚЫҰ АО мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ПА) қолдауымен және Қазақстан Үкіметінің және ОСК тығыз ынтымақтастықта 2000 жылғы қыркүйек айынан 2002 жылғы ақпанға дейін жүргізілген «Сайлау жөнінде дөңгелек үстел» ұйымдастырды. Әрқайсысы сайлау процесінің жеке аспектіне арналған төрт кездесуден тұратын осы «Дөңгелек үстелге» Парламентте өкілдігі жоқ партияларды қоса, билік органдарының және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты.

«Дөңгелек үстелдің» неғұрлым қомақты нәтижесі кейіннен Мәжіліске қарастыруға табысталған, сайлау туралы заңға өзгертулер енгізу бойынша қатысушылардың 140 ұсыныстарынан астамы көрініс тапқан ОСК кесте жасау болды.

«Дөңгелек үстел» аяқталғаннан кейін Қазақстанның билік орындары ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1999 жылғы ұсыныстамаларына және «Дөңгелек үстел» өткізу барысында жасалған қорытындыларға сәйкес сайлау туралы заңға өзгертулер енгізу мәселесі бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ тиянақты сұхбатқа шақырды. Сұхбаттың осы сатысы 2003 жылғы көкек

айында басталды және 2004 жылдың аяғына дейін заңға енгізілген өзгертулер бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қорытынды түсініктемелері жарияланғаннан кейін аяқталады. Сонымен бірге, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынылған өзгертулер бойынша Алдын ала түсініктемелерді жариялап, осы өзгертулерді билік орындарының, саяси партиялар мен азаматтық қоғамның өкілдерімен бірқатар талқылау өткізді. ОСК 19 қыркүйекте сайлау өткізілгеннен кейін осы сұхбат нысанын қайта жаңғыртуға өзінің дайын екенін білдірді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2003 жылғы жергілікті билік органдарына сайлау барысын байқауға қатысқан жоқ; Бюро сайлауды бағалауда ЕҚЫҰ АО жәрдем беру үшін Алматыға екі сарапшыны жолдады. 2003 жылғы жергілікті билік органдарына сайлауда бүкілхалықтық дауыс беруден кейін мәслихаттардың (жергілікті кеңестердің) құрамында пропрезиденттік партияның пайдасына анық көрінген өзгерістер орын алды. Бұл факт, тәрізі, сайлау комиссияларын құру туралы ережелерді іске асыруға елеулі ықпалын тигізді, өйткені сайлау туралы заңға енгізілген өзгертулерде мәслихаттардың сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау бойынша өкілеттіктері көзделеді. Оппозиция мәслихаттарды әкімдер - Президент тағайындайтын жергілікті кеңестердің төрағалары бақылайды деп мәлімдеді.

В. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Сайлау туралы заңға өзгертулерді Мәжіліс 2004 жылғы 16 наурызда қабылдады, Конституциялық кеңес 9 көкекте бекітті және 15 көкекте Президент Назарбаев өзгертулер енгізу туралы заңға қол қойды. Заңға өзгертулер енгізу ЕҚЫҰ қамқорлығымен Қазақстанның мемлекеттік билік органдарымен бірлестікте өткізілген Дөңгелек үстел Процесінің (Round Table Process) шеңберінде 2000 жылы басталған ұзақ сұхбаттың арқасында мүмкін болды. 2003 жылғы қыркүйекте ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынылған өзгертулерге алдын ала түсініктемелерді жариялады. Сонымен қатар, Президент Назарбаев 2003 жылғы 17 қарашада Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық конвенцияға (АСҚХК) қосылуы туралы Жарлыққа қол қойды. Алайда ол Жарлықты Парламент әлі бекіткен жоқ.

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ енгізілген бірқатар өзгерістер айтарлықтай прогрестің көрінісі болып табылғанымен, сайлау туралы заңды 1990 жылғы Копенгаген құжатында белгіленген ЕҚЫҰ демократиялық сайлауға қатысты Міндеттемелеріне сәйкестік үшін одан әрі де жақсартулар енгізу керек екенін мойындайды. Сайлау туралы заңның түпкілікті нұсқасында Дөңгелек үстел уақытында тұжырымдалған және алдыңғы құжаттарының құрамындағы бірқатар ұсыныстамалар назарға алынды. Саяси партиялардың көпшілігі де осындай пікірді ұстануда.

Өкінішке орай, жаңа өзгертулер де сондай-ақ үшінші оқылымда Парламенте ашық талқылау жүргізусіз енгізілді. Соңғы сәтте қабылданған осы өзгертулерге электронды дауыс беру және дауыстар санау жүйесін құру туралы ұсыныстар енгізілді. Осындай жүйелер бүкіл әлемде құқықтық, операциялық және техникалық қиыншылықтар туғызатынын және сайлауға мүдделі тараптардың сеніміне ие болу үшін ЕҚЫҰ басқа қатысушы елдерде жүргізілгендей, біртіндеп енгізілуге тиіс екенін айта кету керек. Осындай жүйені пайдаланудың барлық аспектілерінің толығымен ашық болуын қамтамасыз ету қажет, бұл орайда дауыс беруге қатысушылар мен тәуелсіз сарапшылардың тексеру жүйесі көзделуге тиіс. Жақында Мәжілістің бірнеше мүшесі ұсынылып отырған электронды дауыс беру жүйесін пайдалануға қатысты мазасыздықтарын білдірді.

Сайлау туралы заңға сайлау процесінің ЕҚЫҰ Міндеттемелеріне сәйкес ашықтығының өсуін қамтамасыз ететін жақсартулардың арасында төмендегілер аталды:

- Плюрализм және сан алуандық негізінде сайлау комиссияларының құрамын айқындауға арналған саяси кеңестемелер базасының негізгі элементтерін қамтамасыз ететін механизм әзірлеу;
- Сайлау комиссияларының барлық мүшелеріне сайлауды басқару бойынша қызметке қатысуға айтарлықтай мүмкіндік беретін сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтарын кеңейту;
- Сайлау комиссияларының жұмысына мемлекеттік органдардың тарапынан заңсыз килігуге тыйым салу;
- Сайлау учаскелерінде уәкілеттілігі жоқ тұлғалардың болуына тыйым салу;
- Байқаушыларға сайлау процесінің барлық сатыларында сайлау жөнінде тиісті құжаттарға қол жеткізу және алу құқығын беру;
- Сайлау нәтижелері туралы хаттамаларды учаскелерде және аудандық сайлау комиссияларында жалпының танысуы үшін орналастыру;
- Сайлау науқанының барысында барлық кандидаттарға тең жағдайлар жасауға талпыныстар;
- Кандидатқа қарсы дауыс беруді көздейтін ережелерді алып тастау;
- Сайлаушылар тізімдерін жасау және дұрыстығын трастау бойынша рәсімдер;
- Сайлау процесіне бөгет болуы мүмкін тыйым салынған әрекеттер тізімін кеңейту.

Алайда, сайлау туралы заңның ЕҚЫҰ демократиялық сайлауға қатысты Міндеттемелеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін саяси және азаматтық құқықтарға қатысты мәселерді реттеу қажет, соның ішінде:

- Сайлану құқығына шектеулі немесе жеткіліксіз кепілдіктер;
- Сайланған депутаттың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігі;
- Сайлау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігі;
- Ұсақ қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде қолданыла алатын кандидатты тіркеуден бас тарту немесе тіркеудің күшін жою және сайланған тұлғаның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату секілді үйлесімсіз санкциялар;
- Саяси партиялардың сайлау комиссияларына қатысуы үшін плюрализм және сан алуандық принципін сақтауға жеткіліксіз кепілдіктер;
- Сайлаушылардың таңдауын қорғауға жеткіліксіз кепілдіктерсіз электронды дауыс беру және дауыстар санау жүйесін құру үшін мүмкіншіліктер жасау;
- Сайлауда сайлаушыларға және кандидаттарға сайлау нәтижелеріне шағымдануға немесе мойындалуын талап етуге мүмкіндік беретін ережелердің, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясына сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп мойындауға мүмкіндік беретін ережелердің болмауы;
- Сөз және жиналыстар бостандығына құқықтарды шектеу;
- Сайлауды жүргізудің дұрыстығы туралы дауларды нақты, тиімді және жылдам шешу процесіне қанағаттанарлық кепілдіктердің болмауы.

Заңға өзгертулердің сайлау процесіне оң ықпалға ие бола алатын дәрежесі түбінде заңды тиімді және объективті іске асыру үшін жауап беретін институттар мен лауазымды тұлғалардың адалдығымен және саяси еркімен айқындалатын болады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау туралы жаңа заңды зерделеу жүргізді, оның нәтижелері жақын арадағы уақытта жарияланады. Зерделеуге сондай-ақ қалған мәселелерді шешу және оларды шешу нұсқаларын ұсыну бойынша ұсыныстамалар кіреді.

Г. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ

Сайлау комиссиялары төрт деңгейде әрекет етеді. Сайлау әкімшілігінің басында Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) тұр. Сайлау әкімшілігінің құрылымындағы екінші деңгейді 16 облыстық сайлау комиссиялары басады. ОСК және облыстық сайлау комиссиялары мажоритарлық және пропорционалды сайлау өткізу үшін жауап береді.

Үшінші деңгейде мажоритарлық сайлау өткізу үшін жауап беретін 67 Округтық Сайлау комиссиялары (ОкрСК) және пропорционалды сайлау өткізу үшін жауап беретін 159 Аудандық (АСК) және 37 Қалалық Сайлау комиссиялары (ҚСК) тұр. Төртінші деңгейді мажоритарлық, сондай-ақ пропорционалды сайлау өткізу үшін жауап беретін шамамен 9 500 Учаскелік Сайлау комиссиялары (УСК) құрайды. Барлық сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұрады.

ҚР Конституциясына сәйкес барлық ОСК мүшелерін қызметке тағайындау және босату бойынша өкілеттіктер Мәжіліске беріледі. Басқа сайлау комиссияларының мүшелерін ұсыну, тағайындау және қызметінен босату тәртібін сайлау туралы заң түсіндіреді. Алайда, сайлауды плюрализм мен сан алуандық негізінде жүргізуге бағытталған саяси кеңестемелер үшін негізді белгілейтін механизмді іске қосуға қарамастан, заң сайлау комиссияларын құруға байланысты, алдында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ мазасыздығын туғызған проблемаларды тек ішінара ғана жояды.

2-4 деңгейлерде сайлау комиссияларын тағайындау процесі аяқталды, ал оның нәтижелері ОСК сайтында орналастырылды. Мысалы, 16 маусымнан бастап облыстық мәслихаттар 112 облыстық сайлау комиссиялары мүшелерін сайлады. Облыстық сайлау комиссиялары құрамында оппозициялық партиялар төмендегіні құрайды: «Ақжол» партиясынан - 4 адам, Коммунистік партиядан – 2 адам және ҚДТ – 0 адам. Үшінші және төртінші деңгейлердің сайлау комиссияларындағы орындар да тап осындай түрде үлестірілді. ОСК статистикасына сәйкес, мәслихаттар ҚДТ партиясының кандидатураларының 20 пайызын, «Ақжол» партиясынан - 51,6 пайызын және Коммунистік партияның кандидаттарының 64,9 пайызын тағайындаған. Алайда, тағайындау уақытында тіркелген қалған жеті пропрезиденттік партияларға арналған тиісті пайыз 98 пайыздан асады. Сонымен, заңды іске асыру үшін жауап беретін институттар сайлауды плюрализм және кандидаттардың теңдігі негізінде жүргізуді қамтамасыз ете алмады. Болашақ СБМ әлі сайлау әкімшілігінің өзіне заң жүктеген міндеттерін атқарған кездегі кәсіпқойлығы мен риясыздығын бағалауға тиіс.

Сондай-ақ қыркүйектегі сайлауда электронды дауыс беру жүйесін пайдалану масштабы туралы шешім қабылдау керек. Бүгінгі күнге жүйені кеңінен сынақтау жүргізілген жоқ, ал саяси партиялардың бірқатары оны ірі масштабта енгізуге күрт қарсы шығып отыр. Партиялардың біразы осындай жүйені ірі елді мекендерде пайдалануды қолдайды, ал басқалары сайлаушылардың сенімін арттыру үшін электронды дауыс беруді шағын тырнақалды жобаның шеңберінде пайдалануды ұсынады. Осы мәселе бойынша шешімді Үкімет құратын Мемлекеттік комиссия, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы қабылдайтын болады.

Енгізуге ұсынылып отырған электронды дауыс беру жүйесі электронды дауыс беру рәсімін жылдамдату үшін әрбір сайлаушыға штрих-код беруді көздейді. Заңда азаматтарға штрих-код беру туралы талаптар тікелей көзделмеген. Партиялардың бірінің өкілі бүгінде жалпы саны 8,5 млн құқылы сайлаушылардың небәрі 13,5 пайызы ғана штрих-код алғанын хабарлады. Штрих-код пайдаланудың әзірше МОП бағалауына келе қоймайтын өзінің әлуеттегі кемістіктері болуы мүмкін.

Электронды дауыс беру жүйесі өзінің бүгінгі күйінде «электронды» сайлау учаскесінде альтернативті дауыс беру әдісін көздемейді. Сонда жабдықтағы ақаулықтың дауыс беру процесін айқындалмаған мерзімге тоқтатуға әкеліп соғуы мүмкін. Ондай жағдайларда заң нақты сайлау учаскесінің сайлаушыларының арасында қайта дауыс беруді өткізуді көздейді.

Сондай-ақ электронды дауыс беру жүйесі өзінің бүгінгі күйінде дауыстарды қайта санау немесе дауыс беру нәтижелеріне шағымдану қажеттілігі пайда болған жағдайда сайлаушылардың дауыстарын қағазда немесе өзге альтернативті әдіспен есепке алуды көздемейді.

МОП сондай-ақ осы электронды дауыс беру жүйесінің дауыс беру құпиясын қамтамасыз ету қабылетіне қатысты мазасыздық білдірді.

Оппозициялық партиялар электронды дауыс беру жүйесін бағалауды жүргізу туралы өтінішпен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ жүгінді. Бюро ол ұсыныстан бас тартты, өйткені келесіде оған сайлау барысын байқау бойынша функцияларды атқару керек болды. Солай болғанымен де, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осы мәселе бойынша алдын ала бағалауды қамтамасыз ету үшін СБМ құрамына электронды дауыс беру бойынша сарапшыны енгізеді.

Д. БАҚ

Алматаға және Астанаға келген уақытында МОП тек баспасөз мүшелерінің шағын санымен ғана кездесулер өткізді, 3-қосымшаны қараңыз. Саяси дебаттарды тек ОСК ғана емес, сонымен қатар кез келген тұлға ұйымдастыруға құқылы деп белгіленжі. Алайда, ондай жағдайларда ОСК сайлау алдындағы науқанды қаржыландыруға заңнама талаптарының сақталу дәрежесін бағалау үшін, сондай-ақ эфирдегі уақыттың құнын есепке ала отырып, науқанды өткізуге арналған қаражаттарға тексеру жүргізеді.

Кездесуге қатысушылар бізге хабарлағандай, билеуші «Отан» партиясы Мемлекеттік телеарнаны толық бақылап отыр, ал «АСАР» партиясының төрағасы Дарига Назарбаева бес жекеше арна кіретін холдингінің меншіктенушісі болып табылады, демек, БАҚ беттерінде сайлауға өте біржақты шолуды күтуге болады. Сонымен қатар, ол сондай-ақ Мемлекеттік телеарнада атқарушылық басшылықты жүзеге асырады.

МОП өкілдерімен кездесу уақытында құрылатын СБМ негізгі функцияларының бірі бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі болады деп атап айтылды. Оған еркін эфирде және жаңалықтар шығарылымдарында науқанға шолудың сандық және сапалық бағасы кіреді.

Е. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ БАЙҚАУШЫЛАР

МОП кездесулеріне қатысушылардың көпшілігі 2004 жылғы 19 қыркүйектегі сайлау барысын байқауға ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысуын қолдап қарсы алды, ал олардың біразы халықаралық байқаушылардың көбірек санының қатысу қажеттілігін атап айтты.

МОП ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы да сондай-ақ өзінің байқаушыларын жолдау мүмкіндігін қарастырып отырғаны туралы хабар алды. Қазіргі ЕҚЫҰ Төрағасы ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы делегациясының Басшысын сайлауды байқау жөнінде ЕҚЫҰ миссиясының Арнайы үйлестірушісі етіп тағайындайды деп күтілуде.

Алматыда болған уақытында МОП сондай-ақ сайлау алдында қалыптасқан жағдайды талқылау және тек ішкі байқаушыларды тарта отырып, объективті байқау жүргізу мүмкіндігін бағалау үшін бірнеше халықаралық және қазақстандық МЕҰ өкілдерін шақырды (4-тізімді қараңыз). Республикада сайлауларда байқауды қамтамасыз етуге көп күш салған және 19 қыркүйектегі сайлауда бүкіл ел бойынша байқауды жүзеге асыруға ниет білдірген Тәуелсіз бақылаушылардың Республикалық жүйесі (ТБРЖ) және Қазақстандық адам құқықтары мен заңдылық сақтау жөнінде Бюросы секілді бірнеше ұйымдасқан және құзыретті азаматтық топтардың әрекет ететіні анықталды. ТБРЖ ендігі ұзақ мерзімдік байқауды жүргізуде, ал Қазақстандық адам құқықтары мен заңдылық сақтау жөнінде Бюросы өрістеп келе жатқан сайлау процесінің барысында пайда болатын құқықтық мәселелерді қадағалайды.

ТБРЖ 14 мамыр мен 7 маусым аралығында мәслихаттарда сайлау комиссияларын қалыптастыру процесін байқауды жүзеге асырды. Аталмыш процестің біркелкі жүріп отырмағаны және бірқатар облыстарда мәслихаттардың ОСК ұсыныстарын назар аудармауды шешкені туралы қорытынды жасалды.

IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАМАЛАР

МОП СБМ Қазақстандағы болашақ парламенттік сайлауды бақылау үшін сайлау күнінен шамамен алты апта бұрын құруға кеңес береді. Негізгі сарапшылар тобымен қатар, бұл миссияға 40 ұзақ мерзімді байқаушылар және тамыз айының ортасында Қазақстан бойынша бөлінетін әрқайсысы екі байқаушыдан тұратын 20 кіреді. Сайлау күніндегі ықтимал манипуляциялардан мазасыздық туғызып отырғанын ескере отырып, сондай-ақ электронды дауыс беру жүргізу мәселесі бойынша екіге бөлінген қоғамдық пікірді есепке алып, бізге сайлау күні дауыс беру барысын байқауды жүзеге асыру үшін 400 қысқа мерзімді байқаушылар беру мақсатқа сай болып көрінеді. Заң сайлаудан кейін екі айдың ішінде екінші дауыс беру турын өткізуді көздейді. Алдындағы сайлау практикасы екінші турдың сайлау күнінен кейін екі аптадан соң өткізіле алатынын көрсетеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ екінші дауыс беру турын байқау туралы шешімді оны өткізу мерзімдері айқындалғаннан кейін қабылдайды.

1-қосымша

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым Алматыдағы орталығы

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯСЫ

Алдын ала бағдарлама
Елші Бэрри және Вулчанов мырза

АЛМАТЫ

Жексенбі, 2004 жылғы 20 маусым	
23:20	Алматы қаласына келу және «Хаятт» отелінде орналасу
Дүйсенбі, 2004 жылғы 21 маусым	
14:00	МЕҰ өкілдерімен кездесу
17:00	БАҚ саласындағы МЕҰ өкілдерімен кездесу
Сейсембі, 2004 жылғы 22 маусым	
10:00	САМ Сыртқы істер Министрінің Бірінші Орынбасары Қайрат Әбусейітов мырзамен кездесу
11:00	Иманғали Тасмағамбетов мырзамен кездесу (Президент Әкімшілігінде)
13:30	Дипломатиялық корпусстың (ЕҚЫҰ мүше елдерінің) өкілдерімен кездесу
15:00	САМ ОСК Төрағасы Байлиева ханыммен кездесу
Сәрсембі, 2004 жылғы 23 маусым	
10:00	Саяси партиялардың өкілдерімен кездесу
12:00	Адам құқықтары мен заңдылық сақтау жөнінде халықаралық Бюроның Директорымен кездесу
АСТАНА	
Сейсембі, 2004 жылғы 24 маусым	
08:40	Астана қаласына келу (Алматы ұшып шығу 06:55 сағатта).
09:15	Бірінші Вице-министр Отто мырзамен кездесу
11:00	ОСК Фоос мырзамен кездесу, «Сайлау» электронды дауыс беру жүйесін көрсету
14:30	Мәжілістің Спикері Жармахан Тұяқбай мырзамен және «Отан», «Асар», Аграрлық және Азаматтық партиялар мен «Ауыл» партиясы (Парламентте) Парламенттік фракцияларының жетекшілерімен кездесу
15:55	Алматы қаласына ұшып шығу
17:35	Алматы қаласына келу
АЛМАТЫ	
Жұма, 2004 жылғы 25 маусым	
04:20	Алматы қаласынан ұшып шығу («Люфтганза» авиакомпаниясының рейсімен)

2-қосымша

ДИАҚБ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯСЫ

Елші Бэрри және Вулчанов мырза

САЯСИ ПАРТИЯЛАРМЕН КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ

Алматы, 2004 жылғы 23 маусым, 10:00-12:00

1	Қазақстан Аграрлық Партиясы	ҚАП	Қатысқан	Алмаз Жолтаев мырза
2	«Ақжол» Қазақстанның Демократиялық Партиясы	Ақжол	Қатысқан	Болат Әбілов мырза
3	«Асар» Республикалық Партиясы	Асар		
4	«Ауыл» Әлеуметтік-Демократиялық Партиясы	Ауыл	Қатысқан	Тәкен Ұзақов мырза
5	Қазақстан Азаматтық Партиясы	ҚАП	Қатысқан	Виталий Мутовин мырза
6	Қазақстан Коммунистік Партиясы	ҚКП	Қатысқан	Төлен Тоқтасынов мырза
7	Қазақстан Коммунистік Халық Партиясы	ҚКХП		
8	«Қазақстанның Демократиялық Тандауы» Халық Партиясы	ҚДТ	Қатысқан	Асылбек Қожахметов мырза
9	Қазақстан Демократиялық Партиясы	ҚДП		
10	«Отан» Республикалық Саяси Партиясы	Отан	Қатысқан	Аманкелді Ермегияев мырза
11	Қазақстан Патриоттар Партиясы	ҚПП	Қатысқан	Шинтеков мырза және Бердікүлов мырза
12	«Руханият» Қоғамдық Бірлестігі Партиясы	Руханият	Қатысқан	Анатолий Волков мырза мен Тамара Хабиева ханым

3-қосымша

**ДИАҚБ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯСЫ**

Елші Бэрри және Вулчанов мырза

**БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ МЕҰ және БАСПАСӨЗ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУГЕ
ШАҒЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ**

Алматы, 2004 жылғы 21 маусым, 17:00

1	Қазақстан журналистер Конгресі	
2	Соғыс және бейбітшілікке шолу жөніндегі Институт	
3	«Әділ Сөз» Халықаралық сөз бостандығын қорғау қоры	Қатысқан
4	Интерьюс Қазақстан	
5	Қазақстан Телерадиохабар таратушылардың Ұлттық Қауымдастығы	
6	«Ассанди Таймс» газеті	Қатысқан
7	«Панорама» газеті	
8	«Казахстанская Правда» газеті	Қатысқан

4-қосымша

ДИАҚБ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯСЫ

Елші Бэрри және Вулчанов мырза

МЕҰ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ

Алматы, 2004 жылғы 21 маусым, 14:00 – 16:00

1	Ұлттық Демократиялық Институт (NDI)	Қатысқан	Томас Брайдл мырза
2	Тәуелсіз Бақылаушылардың Республикалық Жүйесі	Қатысқан	Дос Көшім мырза

Алматы, 2004 жылғы 21 маусым, 15:00 – 16:00

3	Тәуекелдіктерді бағалау жөніндегі топ (ARG)	Қатысқан	Розали Исмаилова ханым
4	Әлеуметтанушылар мен Саясаттанушылар Қауымдастығы	Қатысқан	Бақытжамал Бектұрғанова ханым
5	НПО «ЭХО» МЕҰ		
6	Ұлттық Зерттеулер Институты	Қатысқан	Андрей Чеботарев мырза
7	Халықаралық бүгінгі заманның саясаты институты		
8	Халықаралық Республикалық Институт (IRI)	Қатысқан	Донна Стюарт ханым
9	«Политон» Тәуелсіз Ақпарат Агенттігі		